ХАТТАМА №2

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін конкурс арқылы жалға беру комиссия отырысының қортындысы туралы

Конкурс өткізілген орын: БҚО. Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Т.Жароков көшесі, №31 аудан әкімшілігінің ғимараты, үлкен мәжіліс залы.

Конкурс өткізілген күні және уақыты: 2026 жылдың 31 тамыз сағат 10:00 де.

Қатысушы комиссия құрамы:

Нуршинов Кенесары Бекболатұлы	Аудан әкімінің орынбасары, конкурстық комиссия төрағасы
Карин Руслан Габдилманович	Аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары
Зинуллин Елнур Ерсайнұлы	Аудандық жер қатынастары бөлімінің бас маманы

Комиссия мүшелері:

Егінғалиев Айымбек Нұрлыбекұлы	Аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы
Хайруллин Суюнбек Жексенбаевич	Аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы
Джумагулова Бибигуль Мухасқызы	«Кәсіпкерлер палатасы» Бөкейордасы аудандық филиалының директоры (келісім бойынша)
Бисекенов Нурфат Нұрболатұлы	Аудан әкімі аппаратының құқықтық мәселелер жөніндегі бас инспекторы
Ташуов Жалғас Ескайырұлы	Аудандық мәслихат депутаты (келісім бойынша)
Арыстанбеков Тілеген Керейұлы	Аудандық Қоғамдық Кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
Дюсемалиев Абай Жанұзақұлы	« Жанұзақ»шаруақожалығының жетекшісі (келісім бойынша)
Жакина Ұлпан Әнуарқызы	«Орда жұлдызы»қоғамдық-саяси газетінің редакторы (келісім бойынша)
Құресов Алтынбек Қадырболатұлы	«Қадырболат»жеке кәсіпкерінің жетекшісі (келісім бойынша)
Махимов Ғайса Темірболатұлы	Орда ауылдық округінің әкімі
Саматов Талгат Ибрийымұлы	Орда ауылдық округі,жергілікті қоғамдастық жиналысының өкілі
Мендешов Армат Ермекұлы	Бисен ауылдық округінің әкімі
Ижанов Бисен Саматұлы	Бисен ауылдық округі,жергілікті қоғамдастық жиналысының өкілі

№ р/н	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы ауданы, га	соның ішінде					Жалға беру мерзімі (жыл)
			Егістік		жайылымдық		басқа жерлер	
			га	бонитет балы	га	бонитет балы		
1	Бисен	600	0		600	10	0	10
2	Бисен	500	0		500	10	0	10
3	Орда	400	0		400	10	0	10
Жалпы көлемі		1500	0		1500			

Конкурсқа қатысушылардың мекен жайлары:

1. «Нұрхайр» ш/қ жетекшісі Курмангалиев А.Х. – Бисен а/о тұрғыны
2. «Адай» ш/қ жетекшісі Гатауова С.Б. – Бисен а/о тұрғыны
3. «Нұртілеу» ш/қ жетекшісі Ахтаров Н.Г. – Мұратсай а/о тұрғыны
4. Жоламан» ш/қ жетекшісі Нигметов К.А. – Бисен а/о тұрғыны
5. «Қайрат» ш/қ жетекшісі Аубекеров А.Х. – Бисен а/о тұрғыны
6. «Sherhan» ш/қ жетекшісі Қайырболатұлы Ш. – Бисен а/о тұрғыны
7. «Жанерке» ж/к жетекшісі Длешов Р.А – Хан Одасы а/о тұрғыны

Күн тәртібі:

1. Ұсынылған конкурстық өтінімдерді қарап, жеңімпазды анықтау.

Сөз алған комиссия төрағасы **К.Нуршинов** - Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес 2026 жылдың 31 тамыз сағат 10:00де конкурсқа қатысушылардын және олардың өкілдерінің алдында конкурстық комиссиямен конкурстық өтінімдері бар конверттер ашылды. Конкурстық өтінімдері бар конверттердің ашылғандығы жөнінде хаттама толтырылды.

Конкурстық өтінімдерді және конкурстық комиссия мүшелерінің өтініштерді қарау нәтижесінде комиссия келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Лот бойынша Бисен а/о 600 га, қатысушылар:

Жоламан» ш/қ жетекшісі Нигметов К.А.,
«Нұртілеу» ш/қ жетекшісі Ахтаров Н.Г.,
«Адай» ш/қ жетекшісі Гатауова С.Б.,
«Қайрат» ш/қ жетекшісі Аубекеров А.Х.,
«Sherhan» ш/қ жетекшісі Қайырболатұлы Ш.,

Қатысушылардың конкурстық өтінімдерін және комиссия мүшелерінің ашық дауысқа салу барысында комиссия мүшелерінің көп даусына ие болған ш/қ Жоламан» ш/қ жетекшісі Нигметов К.А. 1 лот бойынша конкурс жеңімпазы болып танылды.

2. Лот бойынша Бисен а/о 500 га, қатысушылар:

«Жоламан» ш/қ жетекшісі Нигметов К.А.,
«Нұртілеу» ш/қ жетекшісі Ахтаров Н.Г.,
«Адай» ш/қ жетекшісі Гатауова С.Б.,
«Қайрат» ш/қ жетекшісі Аубекеров А.Х.,
«Sherhan» ш/қ жетекшісі Қайырболатұлы Ш.,
«Ораз» ш/қ жетекшісі Момынов М.У.,

Қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарап жоғары бал жинаған «Ораз» ш/қ жетекшісі Момынов М.У. 2 лот бойынша конкурс жеңімпазы болып танылды.

3. Лот бойынша Орда а/о 400 га, қатысушылар:

«Нұрхайр» ш/қ жетекшісі Курмангалиев А.Х.,
«Адай» ш/қ жетекшісі Гатауова С.Б.,
«Қайрат» ш/қ жетекшісі Аубекеров А.Х.,
«Жанерке» ш/қ жетекшісі Длешов Р.А.,

Қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарап жоғары бал жинаған «Қайрат» ш/қ жетекшісі Аубекеров А.Х. 3 лот бойынша конкурс жеңімпазы болып танылды.

Комиссия төрағасы _____ **К.Нуршинов**

Комиссия төрағасының орынбасары _____ **Р.Карин**

Комиссия мүшелері _____ **А.Егінғалиев**

_____ **С.Хайруллин**

_____ **Н.Бисекенов**